

Садықов Тілеген Садықұлы¹ Набиев Саят Талғатұлы²

¹*Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Тарих факультетінің деканы, т.ғ.д., профессор,*

²*Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Тарих факультеті,
Еуразиялық зерттеулер кафедрасының докторанты
nabiev-92@mail.ru*

XX ғ. 20-30 жж. ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДА ЖҮРГІЗІЛГЕН КЕҢЕСТІК ЭКОНОМИКАЛЫҚ РЕФОРМАЛАРДЫҢ ӘСЕРІ МЕН САЛДАРЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада XX ғ. 20-30 жж. Қазақ қоғамында жүргізілген кеңестік экономикалық реформалардың асығыс және жүйесіз жүргізілуінің нәтижесінде қазақ тарихындағы орны толмас қасірет орын алдығы жайында жазылады. Автор кеңестік биліктің 1928-1933 жж. жоспар бойынша қазақ шаруаларын отырықшыландыруға және ұжым орталықтарына орналастыру нәтижесінде қазақ халқында жаппай демографиялық ахуал орын алғандығын және мал санының күрт азаяуын және ұлттық мәдени-рухани құндылықтарының күйреуіне әкеліп соққандығын негізгі деректер арқылы көрсете білген.

Кілт сөздер: Кеңес өкіметі, партия, ұжымдастыру, көтеріліс, ашаршылық, Ұлт зиялылары, шаңырақ, шаруа, әкімшілік, Ресей.

Sadykov T. S.¹ Nabiyev S.²

¹*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Professor of the Faculty of History*

²*3rd year doctoral student of the faculty of history of the L. N. Gumilyov Eurasian National University*

THE INFLUENCE AND CONSEQUENCES OF SOVIET ECONOMIC REFORMS CARRIED OUT IN KAZAKH SOCIETY IN THE 20-30s. TWENTIETH CENTURY

Abstract

This article describes the events that took place in Kazakh history as a result of a hasty and unsystematic implementation of Soviet economic reforms in Kazakhstani society in the 20-30 years of the twentieth century. The author with the help of basic materials was able to highlight that as a result of bringing Soviet peasants to a sedentary lifestyle by the Soviet government in 1928-1933. led to a massive deterioration in the demographic state of the Kazakh people, to a sharp reduction in the number of livestock and the destruction of national cultural and spiritual values.

Keywords: Soviet power, party, collectivization, rebellion, famine, national intelligentsia, peasant, administration, Russia.

Садықов Т. С.¹ Набиев С. Т.²

¹*Профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева,
доктор исторических наук*

²*Докторант 3 курса исторического факультета Евразийского национального
университета имени Л.Н. Гумилева*

ВЛИЯНИЕ И ПОСЛЕДСТВИЯ СОВЕТСКИХ ЭКОНОМИЧЕСКИХ РЕФОРМ, ПРОВОДИМЫХ В КАЗАХСКОМ ОБЩЕСТВЕ В 20-30 ГГ. XX ВЕКА

Аннотация

В данной статье описаны события, имевшие место быть в казахской истории, в результате поспешного и бессистемного проведения советских экономических реформ в казахстанском

обществе в 20-30 годах XX века. Автор с помощью основных материалов смог осветить, что в результате приведения к оседлому образу жизни казахских крестьян советской властью в 1928-1933 гг. привело к массовому ухудшению демографического состояния казахского народа, к резкому сокращению поголовья скота и разрушению национальных культурно-духовных ценностей.

Ключевые слова: Советская власть, партия, коллективизация, восстание, голод, национальная интеллигенция, крестьянин, администрация, Россия.

Қазақстанда кеңес билігі орнағанан кейін, бірінші кезекте өз шешімін табуға тиіс мәселелер тұрды. Қазақ бұқарасының тұрмыс жағдайының түбегейлі өзгеруі сол мәселелердің тура шешілуіне тікелей тәуелді болды. Олар жерді пайдаланудағы бұрынғы әділетсіздікті жою, жергілікті халыққа жақын, түсінікті және оған қызмет ететін мемлекеттік аппаратты құру, жаңа қоғам құрудың әдістері мен жолдары (ұжымдастыру, индустрияландыру, мәдени революция т.б.) сияқты мәселелер өзекжарды болды.

1923 жылдың 17-22 наурыз аралығында Орынборда өткен Қазақ партия ұйымы III конференциясында Қазақстандағы партиялық және мемлекеттік жұмыста негізінен ұлттық факторларға көңіл бөлініп, ал тапаралық қатнастардың назардан тыс қалып қойғандығын баса көрсетті. Конференция барысында Е.М. Ярославский, А. И. Вайнштейн және басқалар ұсынған күресі әдісі қызу айтыс тудырып, олар ұстанған бағытқа С. Сәдуақасов, Ы. Мұстамбаев, Темірәлиев, Х.Нұрмұхамедов сияқты жергілікті кеңес және партия қайреткерлері үзілді- кесілді қарсы шықты.

Қазақстанда кеңес және партия жұмысының әлеуметтік базасын талқылау барысында Смағұл Сәдуақасов баяндама тыңдалғаннан кейінгі кешінде «база» деген сөздің оның ұйқысын қашырғандығын, осы сөзді теріс оқығанда «азаб» сөзі болып шығатындығын, сол сияқты «база» деген ұғымды қанша көп қайталағанмен, егер ол қазақ кедейлерінің ауыр халін көтеруге бағытталған нақты шаралармен толықтырылмаса, шынымен де оның қазақ бұқарасы үшін «азабқа» айналуы толық мүмкін екендігіне көңіл аударды [1, 5 б.].

Кешегі отар болған шаруалар бұрынғы бай жер иелерінің қонысына орналасуға көп жағдайда батылдық білдіре алмады. Сондықтан бұл шараға арнайы заңдық шешім қажет екенін өмірдің өзі талап етті. Сондықтан жерге орналастыру 1923 жылдан бастап Қазақстан республикасының жер заңы бойынша жүргізілді. Жерге орналастыру мен отырықшыландыру жұмыстары 1924 жылы 17 сәуірде Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитеті бекіткен "Қазақ АКСР-нің отырықшылыққа айналатын көшпелі, жартылай көшпелі халқын жаппай жерге орналастыру туралы Ережесі" шыққаннан кейін жаңа серпін алды. Ел ішіне шыққан қазақтың мемлекеттік қайраткерлері С.Мендешов, О.Жандосов, Ә.Жәнкелдин, С.Сейфуллин және тағы басқалары көшпелі халықтың дәстүрлі шаруашылығынан бас тартып отырықшылық күйге өтуінің экономикалық маңызының көп артықшылықтары бар екендігін түсіндірумен айналысты. Мұндай мақсатпен шалғайда жатқан қазақ ауылдарын аралай жүріп олар отырықшылыққа көшіру шараларына басшылық жасап, тиісінше жәрдемдерін беріп отырды.

Оның үстіне 1925 жылы өткен Қазақ өлкелік V партия конференциясында егіншілікке қолайлы аймақтарға халықты ақылмен орналастырудың ауыл шаруашылығы үшін өте маңызды екендігіне назар аударылып, кезек күттірмейтін басым мақсаттардың бірі екендігі атап өтілген болатын. Осы жиынның шешімімен жер алдымен жергілікті халыққа беріліп, басқа ұлт өкілдерін одан артылған жерлерге қоныстандырылуы анық айтылды. Конференцияның қазақ халқының пайдасына шешілген шешіміне оған қатысушылар бірауыздан қолдау танытқан болатын. Әрине мұндай ұлт пайдасына шешілген партконференцияның қарарын жоғарғы жақ қолдамады, оның үстіне жергілікті халыққа үстемдігін жүргізіп қалған казактар қарсылықтарын танытты [1, 5 б.]

1927 жылы қарашада болған VI Өлкелік партия конференциясында жер мәселесі негізгі мәселенің бірі ретінде қайта қаралып, орталық билік саясаты мақұлданды.

Кеңес мемлекетінің аграрлық саясатында көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықтарды жалпы ауыл шаруашылығын ұжымдастыру негізінде отырықшыландыру көзделгенді. Жалпы отырықшыландыру науқанын іске асыруда арнайы басқару және үйлестіру құрылымдары болғанын айту қажет. Олар алдын ала әр аймақтағы шаруашылық сипатын анықтады. Отырықшыландыру барысында ұжымдастыру негізінде ондай шаруашылықтарға 100 үй (шаңырақ) қамтылуы жоспарланды. Бұл негізінен 20 шақырым шеңбердегі қазақ қыстауларында отырған шаруалар болатын. Олар біріккен ұжымдарға қатысты егіншілік және жайылымдық жер көлемі де анықталатын болды. Алайда көшпелі және жартылай көшпелі мал

шаруашылығы аудандарында егіншілікпен айналысатын аудандарға қарағанда ұжымдық шаруашылық құруға қажетті материалдық-техникалық база болған жоқ немесе да әлде қайда төмен болды. Шынында да көшпелі шаруаларды отырықшыландырмай ұжымдық шаруашылыққа біріктіру мүмкін емес еді. Қазақ шаруа қожалықтарын отырықшыландыру мақсатында 1928-33 жылдары бекітілген жоспарға сай 190 млн. гектар жер пайдалануға бөлінді және оны іске асыру үшін қаражат көзі де қарастырылған болатын. РСФСР ХалҚомы 1932 жылы Қазақстанның көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықтарын отырықшыландырудың айрықша маңызын ескеріп, бұған 30.950 мың сом қаржы босатты. Ал мұның өзі тым аз болатын. Оның үстіне бұл кезде ашаршылық пен босқындықтан қазақ ауылдары күйзеліске ұшыраған еді [2, 23 б.].

Қазақстан өлкелік партия комитетінің бюросы 1929 жылы 6 қарашада қазақ шаруаларын отырықшылыққа көшіру туралы арнайы қаулы қабылдады. “Қазақ шаруашылығының артта қалған жартылай көшпелі, ішінара тұтас көшпелі шаруашылық түрлері ауыл шаруашылығын өркендетуге үлкен бөгет болуда” деп көрсетілді қаулыда. Ал мұның өзі шындыққа сай келмейтін еді. Себебі экономикалық негізі жоқ күштеп ұжымдастыру қарсаңында қазақ шаруаларын бір мезгілде отырықшыландыруды қоса жүргізудің сылтауы болатын. Отырықшыландыру жоспары бойынша (мұны ұжымдастыру жоспары деп қарау керек) 1933 жылға дейін Қазақстандағы барлық шаруа қожалықтарының 81,3 пайызын ұжымға біріктіру белгіленді.

1927 жылы желтоқсанда өткен партияның он бесінші сиезі ауыл шаруашылығын ұжымдастыру, кеңестік экономиканың жаңалығы ретінде бағаланып келген болатын. Ақиқатында, бұл сиездің шешімдерінде ұжымдық шаруашылықтарды құрып қана қоймай, кооперацияның өзге тұстарын да қатарластыра дамытуға бағыт сілтеген еді. Аталған сиездің көңілге қонымды, сол уақыттағы қазақ шаруашылықтарының ерекшеліктерін ескере отырып қабылдаған дұрыс шешімінің бірі байларды үстем тап өкілі ретінде революциялық жолмен емес, эволюциялық әдістермен жоюдың көрсетілгені болатын. Мұның барлығы кеңестік экономиканың орнығуы жолында атқарылатын міндеттердің бірі ретінде аталып өтті. Өкінішке орай, сиезде көтерілген және шешімі қабылданған шаралардың ішінде ұжымдастыруға баса мән беріліп, партия басшыларының назары соған ауып кетті. Соңы күштеуге ұласқан ұжымдастырудың нәтижесінде 1930 жылы ауыл шаруашылығына тиімді аудандарында жеке қожалықтарды ұжымдастыру 10 % құраса, ал, Қазақстанда 64 % - ға жетті.

Ұжымдастыру Қазақстанда өте тез қарқынмен жүргізілді. 1929 жылдың 1 қазанынан 1930 жылдың 1 қаңтары аралығында 100 мың кедей және орташалардың шаруашылықтары ұжымдастырылды. Саяси және экономикалық сипаттағы ұжымдастыру науқанын тез арада жүргізу үшін шаруашылықтарды жаппай ірілендіру басталды. Кулактар мен байларды тап ретінде жерлерінен қуып, ұсақ шаруалар шаруашылықтарын бір-біріне қосып, ірілендіріп, ұжымдастырды және егіндік жерлердің мөлшерін кеңейтті. [3,156 б.]

Ұжымдастырудың аса науқаншылдықпен жүргізілуіне қарамастан жергілікті партия басшылығы 1929 жылдың соңына таман күштеу саясатына білек сыбана кірісті. Қазақтың жеке қожалықтарын ұжымға кіргізуде көптеген әдіс-тәсілдер пайдаланылды. Ұжымға бірігуге құлықты болмаған қазақ шаруаларын қорқытып-үркіту, зорлықтың күшімен бір шаруашылыққа енгізу етек алды. Ұжымдастыру науқанында күштеудің орын алуының нәтижесінде орташа және дәулетті шаруалардың малын тартып алумен жалғасса, жалғыз күн көрісі алдындағы малына қарап отырған кедей шаруашылықтардың да малдары ортаға түсті. Қазақ шаруаларының наразылықтарына қарамастан жергілікті билік өкілдері ұжымдастыруды ұрандатып іске асыра бастады. Мұндай күштеуді басшылыққа алған шараның соңы ұжымға алынған малдың иесіз, қараусыз қалуына соқтырып малдың шығынға ұшырауына әкелді. Салдарынан 1929 ж. қаңтардағы дерекке жүгінсек ел ішіндегі 47 млн. бас малдың 1934 жылғы қаңтарда 4,5 млн. ғана қалды [4, 56 б.].

Жергілікті халықтың дәстүрлі шаруашылығының ерекшеліктерін есепке алмай асығыс жүргізілген ұжымдастырудың аяғы қазақ халқына орны толмас қасіреттер алып келді. Ғасырлар бойы қалыптасқан үрдіс ырғағынан жаңылыс тапқан қазақ шаруашылығы шығынға ұшыраумен қатар, адам шығыны да орын алды. Көшпелі халықтың рухани дамуы да тоқырауға ұшырады. Жергілікті партия басшылығы әкімшілік-әміршілдік жүйеге иек артып, ұжымдастырудың шаруашылықтарға тигізер пайдасын есепке алмады. Нәтижесінде өрескел заң бұзушылықтар жаппай етек алды.

Науқанға айналған ұжымдастыру саясатымен көшпелі қазақты отырықшылыққа көшіру қабат жүргізілді. Ол көрсетілген мерізімнен бұрын қазақты отырықшылыққа көшіруді мақсат тұтты және осы межеге жетуде екі жол таңдап алынды. Алдымен жеке қожалықтарды бір жерге бір жерге шоғырландыру, сосын ортаға түскен малды етке өткізу болса, келесі жол қазақы киіз

үйлерден қатар тізіп ұжымшар жасау болды. Сөйтіп, өзіндік ерекшелігі бар, шаруашылығы мүлде басқа Ресейдің ұжымдастыру әдісі қазақ ауылдарына күшпен таңылды. Бұл дәстүрлі қазақ шаруашылығын күшпен отырықшы халыққа айналдырудың сталиндық озық үлгісіне айналды.

Көп өтпей-ақ мұндай жолмен ауыл шаруашылығын реформалаудың қате екендігі айқындала бастады. Партия басшылығының алдына қойған мақсаттарының ешқайсысы да орындалмады. Өрескел қателіктерге бой алдырған және зорлықтың күшімен іске асырылған ұжымдастырудың соңы қазақ халқының босуына, аштыққа ұрынуына әкелді

Тап күресін қолдан ұжымдастырудың басы қазақтың байларының мал-мүлкін тәркілеуден басталғаны белгілі. Бүгінгі нарықтық заманның көзімен қарасақ, сол уақыттағы қазақ байлары ауылдардағы жалғыз жұмыс беруші ролінде еді. Байлардың шаруашылығына жасалған қиянат әрине алдымен қазақ кедейлеріне берілген алғашқы соққы болды. Бай шаруашылықтардың қасақана күйретілуі ықылым заманнан көшпелі шаруашылыққа бейімделген қазақ ауылдарын тығырыққа тіреді және ашаршылық қасіретіне жол ашып берді. Бұл кеңестік саясаттың ақыры 1931-33 жылдардағы қазақ даласын жаппай қамтыған, орны толмас адам шығынына әкелген аштық нәубетіне ұрындырды.

Қазақ өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы Ф.И.Голощекин 1929 ж. 13 ақпанда өткен партия мәжілісінде ауыл шаруашылығын ұжымдастыру барысында өзіне мол өкілеттік берілетін шешім қабылдады. Нәтижесінде құзыреттілігі кеңейтілген бірінші хатшы жоспарды орындау барысында әкімшілік-әміршілдік жүйенің барлық әдістерін пайдасына жаратты.

Қазақ даласында болып жатқан қасіретті жағдайларды есепке алмастан бірінші хатшы көшпелі қазақтың астық өткізуіне нұсқау берді. Бұның дәлелі бидай өткізу салығынан екі жылға босатылған оңтүстік аймақтағы Талас пен Созақ өңірлеріндегі көшпелі қазақтардан астық жинаудың жүргізілуі. Тіпті жоғарыдан түскен мал басының етке өткізілетін саны қазақтың шаруа қожалықтарындағы мал басы санынан асып кеткен. Атап айтсақ, Балқаш ауданындағы малдың саны 173 мыңдай болса, ет салығына өткізілуі тиіс малдың саны 300 мыңды құраған. Аталған ауданның үш жылда етке өткізілетін мал басының саны 160 мыңнан 1,5 млн. дейін өскен, яғни 10 есеге артқан [5, 166 б.].

Ауыл шаруашылығында жүргізілген ұжымдастыру науқанын бірінші хатшы Ф.И.Голощекин сталиндік тәсілді басшылыққа алған кулактарды тап ретінде жою күресін басшылыққа ала отырып жүргізді. Күштеп жүргізілген кеңестік азық-түлік саясаты жергілікті халықтың арасында үрей туғызумен қатар, кеңес билігіне деген ашық қарсылықтардың тууына себеп болды. Халықтың партияның саясатына бағынбағандарын 107 баппен қудалау, соттау, түрмеге отырғызу етек алды. Халықты қорқытып-үркітуге, ату жасасын қолдануға заңдық негіз жасаған заңдар 1932-1933 жылдары қабылданған еді [7, 44 б.].

Атап айтсақ, «Мемлекеттік кәсіпорындардың, ұжымдар мен кооперацияның мүлкін қорғау және қоғамдық меншікті нығайту» туралы 1932 ж. 7 тамызда өмірге келген заң жалау шараларына мол мүмкіндіктер ашты. Аталған заңда мал-мүлікті тәркілеу, түрмеге отырғызу, ату жазасын қолдануға дейін жергілікті партия белсенділеріне өкілеттілік берді. Қолында құзыреті бар кеңес белсенділерінің азық-түлік жоспарын орындау барысындағы заңсыз әрекеттері халықты қатты күйзелтті. Бұл саясаттың ақыры адам қырғынының орын алуына әкеп соқтырды.

Қарулы күшке сүйенген партия белсенділері жоғарыдан түскен пәрменді жарлықты орындау кезінде өз халқына еш аяушылық танытпады. Оның ішінде, Қазақ өлкелік паркомының жанынан құрылған байларды тап ретінде жоюдың тәртібін, жоспарын дайындаған комиссия мүшелері ерекше белсенділік көрсетті. Аталған комиссияның шешімімен 1930 ж. ақпанында қазақтың бай қожалықтарын мал-мүлкін тәркілеп, өздерін жер аударатын тұруға қолайсыз 9 аудан айқындалды. Бұл жерлерге отбасы мүшелерімен бірге 24 мыңдай байлар белгіленді және де жер аударылған отбасылардан құралатын ауылдардағы шаңырақтың саны елу үйден аспауы тиіс болды. Күшпен жүргізілген кеңестік экономикалық реформалардың нәтижесінде негізгі күнкөріс құралы малдан жұрдай болған, халықтың барымта, ұрлық жасауға, өткен-кеткенді тонауға, кеңес үкіметіне қарсы жан-кешті де аяусыз бас көтерулерге, аштықтан-ашық наразылықтарға итермеледі.

ППОГПУ-дың саяси құпия бөлімінің 1931 жылғы 1 желтоқсандағы мәліметтері бойынша, 1929-31 жылдар аралығында республикада 372 рет шаруалардың бұқаралық бас көтерулеріне әкелді. ОГПУ органдары жылдарға шаққанда 1929 жылы 54 шаруалардың бұқаралық бас көтеруі болды деп көрсетсе, ал 1930 жылы мұндай мәлімет 241 көтерілісті, 1931 жылы 77 көтерілісті қамтыды [4, 292 б.]. Бір сөзбен айтқанда көтерілісшілердің осы жылдардағы бас көтерулерінде 196 топ тіркелген, оларға 5468 адам қатынасқан.

1920-30 жылдардағы реформалардың салдарларының тағы бірі - сан мыңдаған қазақтың туған жерін тастап көшуі. 1930 жылдың көктемінен бастап нағыз бұқаралық сипат алған Қазақстан жеріндегі жаппай босулар республиканың шығыс және оңтүстік аудандарында да аса өткір көрінді. Қазақстанның Қаржы халық комиссариатының 1931 жылдың 9 тамызында республика Өлкелік партия комитетіне жолдаған мәліметіне қарағанда 1931 жылдың 5 тамызына дейін Қазақстанның тек 27 ауданынан ғана (қалған 47 ауданның мәліметтерін есептемеген) Орта азия жеріндегі көрші республикаларға және Қытайға көптеген қазақ шаруалар қожалықтары көшіп кеткен [5, 21 б.].

Қорыта айтқанда, XX ғ. 20-30 жж. қазақ қоғамында жүргізілген кеңестік экономикалық реформалардың жүйесіз, жергілікті ерекшелікті есепке алмай асығыстықпен жүргізілуі әрі күштеу әдістерінің кең етек алуы ұлтымыздың ауыр қасіретке ұшырауына әкеп соқтырды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Омарбеков Т. Атабаев Қ. «Кооперативтендіру сабақтары.// Ленинишіл жас, 1988-№31, 3-4 тамыз; 13-14 желтоқсан, №76 ;
- 2 Омарбеков Т. 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті.-Алматы: Санат, 1997.- 320 б.
- 3 Қойгелдиев М. Омарбеков Т. Тарих тағылымы не дейді?- Алматы: Санат, 1992.- 320 б
- 4 Омарбеков Т. Тарихпен өрілген тағдыр. -Астана: "Ана тіл - Ата тарих" баспа-зерттеу орталығы ЖШС., - 2007, 460 б.
- 5 Насильственная коллективизация и голод в Казахстане в1931-33 гг. Сборник документов иматериалов.Алматы: Фонд XXI век, 1998.263 с.
- 6 Қожамжарова Д. 20-жылдардағы қазақ ауылының шындығы. //Қазақ тарихы. 1994.- № 5.- 20-21 б.
- 7 Бекмағанбетов Ө.Ж. Бағаналы хандығы (мақала). Вопросы истории Казахстана. Исследования молодых ученых. -Алматы, 2000. - 47 б.